

МЫСЫРДАҒЫ ИСЛАМ МОДЕРНИЗМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

XIX ғ. Мысырға Еуропа елдерінің, әсіресе, Францияның ықпалы артуы сол кездегі қоғамдағы жағдайлардың өзгеруіне әкеліп соқты. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасу барысы «бөтен діндік» Батысқа қарсы тұра алатын бірыңғай күш – ислам арқылы жүзеге асырылуға бағытталды. Джамал ад-дин әл-Ауғани, Мұхаммад Абдо және Рашид Рида сияқты діни және саяси қайраткерлер исламды қазіргі қоғамға лайықтап, оны саясат құралына айналдыруға тырысты. Олардың саяси белсенділігі және реформаторлық қызметі араб қоғамының білімді топтарына үлкен әсер етті, сондай-ақ олардың идеяларынан түрлі бағыттағы саясаткерлер мен идеологтар да қолдады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап мысырлықтарда ұлттық сана-сезім қалыптаса бастайды. Дәстүрлі емес экономикалық және әлеуметтік қатынастар жүйесіне қызмет көрсететін жаңа орта топтардың пайда болуына байланысты, еуропалықтармен, олардың өмір сүру нысанымен, олардың саяси құрылымдары мен батыс ғылымымен және еуропалық саяси теорияларымен жақын танысу әсерінен қоғамның қозғаушы күштері арасында көзқарастары өткен дәуірдің қоғамдық көшбасшыларының көзқарастарынан біршама ерекшеленетін белсенді топ қалыптасты. Тәуелсіз және дамыған ұлттар әлемінде мысырдың интеллектуалдық элитасы өзінің артта қалғандығын және құқықтық теңсіздігін тереңірек сезіне бастады.

Батыс елдерінің ықпалын тежеу үшін, дәстүрлі түрде қоғамдағы исламның алар орнын пайдалана отырып, феодалдық кезеңде қатпарласқан артқа тартар дәстүрлерден тазартып, сол замандағы ғылыми-техникалық жаңалықтарды пайдалануға ыңғайлы болатындай исламды реформалау қозғалысы пайда болды.

Исламға реформалау қозғалысының басында белгілі ауған ғалымы, әрі саяси қайраткері Джамал ад-Дин әл-Ауғани [1] тұрды. Ол мұсылман халықтарын Еуропа ықпалынан тыс, арабтық бірігу идеясын ұстанды. Әл-Ауғани исламды бүгінгі күн талабына сай лайықтап, мұсылмандарды жаңсақ наным-сенімдерден арылту қажет, оларды біліммен қаруландырып, өздерінің ешкімге тәуелсіз еркін қоғамын ұйымдастыру қажет деп есептеді [3, 61б.].

Мысырлық мұсылман реформаторлары исламды Батыстың ғылым мен техникасымен ғана емес, буржуазиялық либерализм

мен индивидуализммен үйлестіруді көздеді. Басты назарды олар дәстүрлі мұраны жандандыру мен империалистік көзқарастардағы Еуропа державаларына қарсы тұра алатын бір халифатқа бірігуге аударды. Бұл мақсатта панисламизм ұғымы алдыңғы қатарға шығып, ислам қоғамының негіздері ұлтшылдық тілінде қалыптасты.

VII ғасырда ислам діні пайда болғаннан бастап, ол дәстүрлі араб қоғамының ажырамас бөлігіне айналды. Кез келген кезеңдегі дәстүрлі араб қоғамына байланысты сөз қозғағанда, ең алдымен, сол дәуірде исламның қоғамда алған рөліне көңіл аудару керек. Шын мәнінде, дәстүрлі араб қоғамын зерттеу барысында қоғамдағы исламның рөлін айқындау басты мақсат болып табылады. Орта ғасырларда араб қоғамы басқа кез келген қоғам сияқты дәстүрлі ортада дамыды. Бұл үрдіс қазіргі күнге дейін жеткілікті деңгейде сақталған. Алайда XIX ғасырда дәстүрлі араб қоғамында жаңа кезең бастауын алды. Әсіресе, осы кезеңде араб қоғамы дәстүрлі қоғамнан либералды консерватизмге бет бұрды. Бұл қадамдар исламды реформалаудан өз бастамасын алып, кейін модернизмді қолдайтын ан-Нахда (қайта өрлеу) кезеңінің алғышарттарын салды. Жалпы алғанда, әл-Ауғани бастаған осы реформаторшылар қозғалысын тарихта *модернистер* деп атайды, алайда олардың ұстанған көзқарастары мен идеяларына көңіл аударатын болсақ, олардың либералды дәстүршілдікті қолдағандарын көре аламыз. Себебі, либералды дәстүршілдік – бүгінгі күнді бағалап, кешегіні құрметтейтін және қадам-қадаммен өзгерістер болуын мақсат етеді.

Модернизм идеяларын әл-Ауғанидің [2] ең жақын досы әрі шәкірті Мұхаммед Абдо жалғастырды. Дегенмен де Мухаммед Абдо өзінің ұстазы сияқты панисламизм идеяларынан гөрі ұлтшылдық идеяларына жақын болды. Құран мен Сүннетке замана тынысына сай түсіндірме бере отырып, Абдо және оның ізбасарлары мұсылман дінінің көп ғасырлық тарихы барысында бірталай казуистикаға негізделген және схоластикалық өзгешеліктерге ұшырағанын баяндады және мұсылман дініне бастапқы тазалығын қайтаруға тырысатындықтарын дәлелдеп бақты. Расында да, модернистердің құдайды болмыстіршіліктің қайнар көзі ретінде қабылдайтын рационалистік-діни түсініктері, объективтік әлемді ақиқат ретінде мойындау, ерік бостандығын және адамзаттың ақыл-парасатын қорғау идеялары мұ'тазалиттердің (VIII-IX) іліміне келіп тірелетін едәуір көне түп тамырдан сусындады.

Модернистер, ислам – барлық адамдарға, әр-

түрлі заман мен мәдени деңгейлерге лайықты, осы заманғы өркениетке қайшы келетін кез-келген жағдайдан бөлек тұрған дүниежүзілік дін деген қағидаға сүйенді.

Модернистер исламның ұлттық-азаттық күресті де мазмұндайтынын көрсетуге ұмтылды. Шейх әл-Кауакиби мұсылмандардың «*Аллаһтан басқа құдай жоқ*» деген иман негізін былай түсіндірді: адамдар Аллаһтан басқа ешкімге бағынбайды, яғни оларды еркіндіктен айырып, бойсұнушылық талап еткендерге қарсы күресулері керек. Бұл идеяларды насихаттау үшін модернистердің «әл-Муаййад» («Аллаһ қолдауындағы») газеті және «әл-Манар» («Маяк») журналы сияқты арнайы басылым органдары қызмет атқарды. Казуистік сипатын модернистер үнемі келеке қылатын ортодокстық дін ілімін қолдаушылар жаңа ағымға қарсы болды. Алайда Джамал ад-Дин ілімін және Мұхаммед Абдо басшылық жасаған мысырлық реформаторлар іс-әрекетін қолдаушылар саны барған сайын арта түсті. Қалайда болса исламды жаңғырту идеясы бұл кезеңнің барлық әдебиетіне өз ықпалын тигізбей қоймады. Исламның және араб әлемінің өткен ұлылығын қайта өркендету идеясы әдебиеттің барлық салаларын дерлік жаулап алды, атап өткенде публицистика арабтарға тарихқа сіңірген қызметі жайлы үнемі еске сала отырып, олардың өз күшіне деген сенімін оятуға ұмтылыс жасады, жаңа ілімге сүйене отырып әлеуметтік түбегейлі өзгеріс және саяси еркіндік үшін күресті, ал проза мен драматургияда аталған ілім ықпалынан тарихи роман мен тарихи трагедия жанрлары пайда болды, ал поэзияда тарих және ерлік тақырыптары жан-жақты мазмұнына еніп, ақындар арабтар мен исламның даңқын мадақтап өлеңдер жазды.

Бұл кезең әдебиетіне ағартушылық пафос – феодалдық сарқыншақтармен күрес, қалың бұқараның сауатын ашып, білімін көтеруге талпыну және ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу пафосы тән болды. Бұл отар және тәуелді елдерге, атап айтқанда, Араб Шығысына тән ағартушылықтың ерекше сипаттамасы еді. Араб елдеріндегі ағартушылықтың негізгі нысанасы рационалистік ой талаптарға, саяси және қоғамдық мәселелерге бейімделген, буржуаздық құрылыс пен буржуаздық үрдістің қалыптасуын қолдайтын жаңартылған исламды дамыту болып табылды.

Джамал ад-Дин әл-Ауғани ізбасарлары Еуропа ағартушылары сияқты жалпыға ортақ игілікке қол жеткізуге тырысты. Олар, құру идеясын Джамал ад-Дин насихаттаған, еуропалықтардан арылған, білімі мен мәдениеті жоғары халифат-

та қандай да болсын қарама-қайшылықтардың болуын көрмеді. Бұл қозғалыс уақыт өте өзінен өңіп шыққан *панисламизм* сияқты діни-фанатикалық және кертартпа сипатта болмаса да, алғашқы кезден бастап түбегейлі өзгеріс туындайтындай барлық алғышарттарға ие болды. Джамал ад-Дин діни төзімділік идеясын насихаттады; оның оқушылары мен ізбасарлары арасында мұсылман еместер де болды (Адиб Исхак, Йакуб Санну және т.б.); ағартушылық және азаттық күресін жүргізу үшін Шығысты біріктіру оның ілімінің негізін құрады. Алайда діни негізде біріктіру қағидасы бұл ілімді бұдан былай Осман империясының феодалдық-бюрократиялық режимінің негізіне айналдыруға себепші болды.

Ал ағылшын отаршылығы кезеңінде мысырлықтар түрік сұлтанының көмегіне үміт артатын және біріккен мұсылман халифаты туралы ой қозғағанда дәл оны ең лайықты әмірші ретінде осы ұйымның басында елестететін [7].

Сөйтіп мұсылмандық модернизм панисламизмнің кертартпа теориясына айналып кетті. Бұл теорияны бірінші дүниежүзілік соғыста Герман империализмі де және революцияның алғашқы жылдары жас Кеңес мемлекетінің дұшпандары да жан-жақты пайдаланды. Жалпы алғанда, XIX ғ. II жартысында пайда болған исламды реформалау қозғалысы араб-мұсылман қоғамдық ой-санасының қайта өрлеу кезеңіндегі Ан-Наһда дәуірінің бастамасы мен алғышарты болды.

Джамал ад-Дин әл-Ауғани идеяларының ықпалымен Мысыр қоғамындағы сауатты, көзі ашық зиялылар ел болашағы олардың қолында екендігін аңғара бастайды. Дәстүрлі түрде билеушінің айтқанына қарсы шықпайтын мұсылман қоғамы үшін бұндай тұжырымдарға келу оңай болған жоқ. Әл-Ауғани хедивтің саяси тираниясы ислам рухына қарама-қайшы келетіндігін халық арасында түсіндіруге тырысты. Ол ислам мұсылманға өз ойын ашық айтуға мүмкіндік береді, ал билеушіні шариғат заңдарын қатаң ұстануға міндеттейді деп үйретті.

Джамал ад-Дин әл-Ауғанидің шәкірті болған Мұхаммед Абдо ұстазына қарағанда ұстамдырақ болғанымен, былай жазған: «Билеуші – сенің міндетің оған мойынсыну болғанымен – ол адам, ал адам қателесе алады. Билеушіге қателерді түзетіп, әділетсіздік көріністерінен арылуға тек халықтың сөзбен әрі іспен жасаған тура жолға салулары көмектесе алады» [4, 68 б.].

Саты әл-Хусри өз кітабында: «...әл-Афғани мақалаларында Шығыс елдерінің үмметін және жалпы мұсылмандарды шетел басқаруынан, Мысыр мен Үндістанды ағылшындықтардан азат етуге үндейді, осы елдердің саяси бірігуіне ұмтылмайды...» [5, 86] – деп қатаң сынға алады.

Шын мәнінде Джамал ад-Дин әл-Ауғани мұсылман әлемін біріктіріп, ислам дінінің «саяси» және «практикалық» аспектілерін басты назарға алуға тырысты. Александр Кныш [6,410] оның ол әрекеттері еш нәтиже бермеді деп жазады. Алайда әл-Ауғани идеясын көптеген шәкірттері әрі қарай өрбітіп, жалғастырған болатын.

Мысыр мен Сирияда бастау алған ислам реформаторлық қозғалысы әлемнің әр түкпірінде өзінше сипат алғаны белгілі. Тіпті, Орта Азияда тараған бұл құбылыс, қазіргі таңда, «джадидизм» деген атпен белгілі. Қалай дегенмен, ислам реформаторлық қозғалысы халықтың сана сезіміне едәуір әсер етіп, зиялы қауым өкілдері еуропалық қоғамдық ой-санамен танысу барысында өз елінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени артта қалғандығын сезініп, сол кездегі өмір сүрудің қалыптасқан үлгілерінің шеңберінде қоғамдық құрылымның әртүрлі жақтарын насихаттауға тырысты.

Аталған қозғалыс еркіндік пен тәуелсіздік үшін күрестің бөлінбес бөлігі және араб елдерінің қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарған, мұсылмандық модернизм немесе мұсылмандық реформация атымен белгілі болған, үлкен діни қозғалыс болып табылды.

Әдебиеттер

- 1 Al-Afgani, Dzhamal ad-Din wa Abdou Muhammad. Al-arua al-wusqa was-saura at-tahririya al-kubra. – Kahiro, 1957.
- 2 Adams Ch. C. Islam and modernism in Egypt. – London, 1933. – 442 p.
- 3 Қалиева Ш.С. XIX ғасырдағы араб әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 212 б.
- 4 Muhammad Abdou. Risalaat at-Tauhiid. – Kahiro, 1957.
- 5 Тихонова Т.П. Светская концепция арабского национализма Саты аль-Хусри. – М., 1984. – 219 с.
- 6 Alexander Knysh. Islam in Historical Perspective. – Pearson Education, 2011.
- 7 Muhammad Amara. Dzhamal ad-Din al-Afgani Al-Agmal al-kamila. – Beirut, 1981.

References

- 1 Al-Afgani, Dzhamal ad-Din wa Abdou Muhammad. Al-arua al-wusqa was-saura at-tahiriya al-kubra. – Kahiro, 1957.
- 2 Adams Ch. C. Islam and modernism in Egypt. – London, 1933. – 442 p.
- 3 Kalyieva S.S. XIX gasirdagy arab adebiety: Oqu quraly. – Almaty: Qazaq universitety, 2006. – 212b.
- 4 Muhammad Abdou. Risalaat at-Tauhiid. – Kahiro, 1957.
- 5 Tihonova T.P. Svetskaya koncepcya arabskogo nacionalizma Saty al-Husri. – M., 1984. – 219 s.
- 6 Alexander Knysh. Islam in Historical Perspective. – Pearson Education, 2011
- 7 Muhammad Amara. Dzhamal ad-Din al-Afgani Al-Agmal al-kamila. – Beirut, 1981